



"Кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 қараша N 1727

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Кейбір заңнама кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы

1. Мына заңнама кесімдеріне өзгертулер және толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат, 1998 ж., N 24, 447-құжат):
17-1-баптың үшінші бөлімі алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2000 жылғы 12 шілдеде N 166 "

Егемен Қазақстан" және 2000 жылғы 13 шілдедегі N 175-176 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лизинг мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 шілдедегі Заңына):

154-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұнды сөйлеммен толықтырылсын:

"Теміржол станциясындағы кеден органдары өз қызметін теміржол станциясымен келісілген жұмыс режимі бойынша жүргізеді.";

195-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұнды сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша ерекше сақтау жағдайларын талап ететін (тез бүлінетін) тауарларға қатысты кедендік декларация тапсырудың мерзімі оларды Қазақстан Республикасының кеден органына тапсырған күннен бастап үш күннен аспауы тиіс.";

3 2 3 - б а п т ы ң :

алтыншы бөлігі "көлемінің үлкендігі салдарынан" деген сөздерден кейін "көлік құралдарында және тасымалдаушының қоймаларында сақтауға мүмкін болмаса." деген сөздермен толықтырылсын;

оныншы бөлігіндегі "қоймасына" сөзі "орындарда" сөзімен ауыстырылсын;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1998 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат, 2000 ж., N 3-4, 6 6 - қ ұ ж а т) :

11-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

34-баптың 3-тармағы алынып тасталсын;

4) "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

4-баптың 1-тармағы 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) теміржол магистралды желісі бойынша жол жүру құқығын беру;";

5) 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2000 жылғы 12 шілдеде N 166 "Егемен Қазақстан" және 2000 жылғы 13 шілдедегі N 175-176 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лизинг мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 шілдедегі Заңына):

6 9 9 - б а п т а :

тақырыптың басындағы "жүк жөнелтуші" сөзі алынып тасталсын;

мына мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Тасымалдаушы ерекше сақтауды талап ететін (тез бүлінетін) жүктерді алу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, жүк жөнелтуші осындай жүкті не істеу керектігі жөнінде нұсқау бермесе, жүкті сақтау мүмкін болмағанда және жүктің бүлінуіне әкеліп соғатын болса, тасымалдаушының жүкті сатуға құқығы бар.

Жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиісті соманы шегергеннен кейін нотариустың депозитіне салынады.";

6) 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат ; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2000 жылғы 12 шілдеде N 166 "Егемен Қазақстан" және 2000 жылғы 13 шілдедегі N 175-176 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лизинг мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 1994 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Заңына) :

137-баптың 1-тармағы мына мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тасымалдау шартынан туындайтын талаптар оны алған күннен бастап бір ай ішінде қарауы тиіс.";

7) "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат):

26-баптың 9) тармақшасының екінші абзацы мынадай мазмұнды сөйлеммен толықтырылсын:

"Заңнама кесімдерімен қызметкерлердің жекелеген санаттарына еңбек міндеттерін бір рет өрескел бұзудың қосымша тізімдері белгіленуі мүмкін.".

2. Осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ